

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

справиться с тревожностью и депрессией. Кроме того, улучшение социально-экономических условий жизни женщин и снижение стресса также могут оказать положительное влияние на их психическое состояние.

В целом, результаты исследования подчеркивают важность ухода за психическим здоровьем женщин в период беременности и после родов. Оказание психологической поддержки и создание условий для снижения стресса могут помочь женщинам справиться с негативными эмоциями и сохранить свое здоровье и благополучие.

Список использованных источников

1. Баряева, О. Е. Б 26 Современные принципы ведения физиологической беременности : учебное пособие / О. Е. Баряева ; ГБОУ ВПО ИГМУ Минздрава России. – Иркутск : ИГМУ, 2014. – 105с
2. Акушерство: национальное руководство/под ред. Г.М. Савельевой, Г.Т. Сухих, В.Н. Серова, В.Е. Радзинского. – 2-е изд. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018 г.
3. Айламазян Э. К. А38 Акушерство: Учебник для медицинских вузов. 4-е изд., доп./Э. К. Айламазян.- СПб.: СпецЛит, 2003.- 528 с:
4. Акаев, Р.М. Влияние употребления энергетических напитков на мужское репродуктивное здоровье / Р.М. Акаев, А.С. Адилов // Урология. - 2021. - №5. - С. 62-64.
5. Армашевская, О.В. Современные приоритеты контрацептивного поведения российских женщин трудоспособного возраста (по данным выборочного исследования) / О.В. Армашевская, Т.А. Соколовская, А.Ш. Сененко. // Акушерство и гинекология. - 2021. - №1. - С. 164-169
6. Биологические маркеры воздействия репродуктивных токсикантов на организм работающих женщин / И.О. Маринкин, Л.А. Шпагина, О.С. Котова [и др.]. // Акушерство и гинекология. - 2019. - №10. - С. 43-50
7. Ведение физиологической беременности / Р.Г. Шмаков [и др.] // Акушерство и гинекология. - 2016. - №12 (Прилож.). - С. 20-39

ӘОЖ 159.9

ОТБАСЫШІЛІК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ БАЛА ПСИХИКАСЫНЫҢ ДАМУЫНА ЫҚПАЛЫ

А. Кәрімова, Н. Нүсіпжан

nuray.nusipzhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 1 курс студенттері
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – пс.ғ.к. Б.Ш. Байжуманова

Қазіргі кезде отбасы проблемаларының арасында ата-ана мен бала арасындағы қатынаста түсінбеушілік жиі орын алып, бір-біріне кешіріммен қарау процестер кешеуілдеп, психологиялық қызмет көрсету жағынан мәселе туындауда.

Баланың отбасында жеке тұлғасының қалыптасуы ата-ананың балаға қарым-қатынасымен әртүрлі тәрбиеден басқа ата-анасының нұсқауларымен де анықталады. Олар баланың көптеген эмоциялық проблемаларының бастауы болуы мүмкін. Бұл жерде нұсқау деп жасырын, жанама бұйрықты түсіну керек. Ол ата-анасының сөздерінен не іс-әрекеттерінен ашық түрде байқалмайды, оны орындамағаны үшін бала ашық жазаланбайды, жанама түрде жазаланады (ата-анасының алдында өзін кінәлі сезіну). Тек нұсқауларды орындап қана бала өзінің «жақсы» екенін сезінеді.

Нұсқау – бұл ата-ананың балаға деген «жасырын жолдауы», ақыл айтуы. Нұсқауларының мынадай түрлері мен мазмұнын көрсетуге болады: «өмір сүрме». Күнделікті тұрмыста бұл жолдау «Көзіме көрінбе», «Жер жұтқыр» деген сияқты күніреніп сөйлеу арқылы берілуі мүмкін. Бұл нұсқаудың мәні баланы үнемі кінәлі сезіндіру арқылы, басқару. Бала ойланбай ата-анасының өміріндегі барлық бақытсыздықтың себепкері екенмін, оларға өмір бойы арыздар екенмін деп шешуі мүмкін. «Бала болма». Күнделікті тұрмыста «Сен 5-ке келдің, бірақ өзінді әлі кішкене бала сияқты ұстайсың», «Тез өссң екен» деген сөздермен беріледі. Ата-аналары кез-келген балалық көріністің қадірін кетіретін сөздерді жиі қолданады және баладан үлкендерге тән мінез қорсетуін қалайтынын айрықша баса айтады. Мұндай нұсқаулар кезінде баланың белсенділігі мен ынтасы толық тежеліске ұшырайды. Есейгенде мұндай адам әр істі бастарда қатты киналатын болады. Кейде мұндай нұсқаулар ата-анасы баланың жынысын қабылдамаудан да тууы мүмкін. Баламен қарым-қатынасында және сөздерінде оның жынысына тән емес мінездерге баса көңіл аударылады. Баланың жынысына мән мінезі мойындалмаған соң, бала өзінен талап етілетін мінездер көрсетуге тырысады. Нәтижесінде балада жыныстық сәйкестіктің қалыптасуында проблемалар туындауы және карама-карсы жыныспен қарым-қатынасы қиындауы мүмкін. Бұл нұсқаулар мүмкін нақты тарихи жағдайларда отбасының бірнеше ұрпағының өсіп-өркендеуі үшін жинақтаған тәжірибесі ретінде қажет болған шығар. Тарихи жағдай өзгерді, бірақ нұсқаулар әлдебір инертті білім ретінде берілуде.

Отбасы – адамның барлық өмір ағымында бірге еріп жүретін маңызды феноменнің бірі. Оның жеке тұлғаға әсерінің маңыздылығы, күрделілігі, жан-жақтылығымен проблемалылығы отбасын зерттеудегі көптеген әр түрлі қозғалыстар мен ғылыми әдебиеттерде кездесетін анықтамаларға алып келді. Отбасындағы өзара қарым-қатынас мәселелерін көптеген зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған.

Отбасы – неке негізінде немесе қан жағынан туыстас шағын топ, олар өзара көмек көрсету, жауапкершілік алу және тұрмыстық жалпылықта байланысады (Эйдемиллер, Э. Г. Юстицкий В.В., 1990). Отбасы балаға ықпал етеді оны қоғамдық өмірге жетелейді. «Отбасының тәрбие институты ретінде маңызы, онда бала өз өмірінің маңызды бөліктерін өткізеді және де тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету ұзақтығы жағынан басқа тәрбие институттарына бой бермейді» деп көрсетті Шужебева А.И өз зерттеу жұмысында.

Отбасы туралы басқа көзқарас А.И. Захаровтың пікірлерінде жазылған. «Әлеуметтік психологияда «Бастапқы топ» деген түсінік бар. Бұл топтағы байланыстар топ ісіне оның мүшелерінің тікелей келісімдеріне, эмоциялық әсерлерінен құрылады, оның қатысушыларының жоғары дәрежедегі бірігуін қамтамасыз етеді. Мұндай бастапқы топ отбасы болып табылады, ол жаңа мүшелердің сырттай «тәсілдерінің» арасында емес, балалардың дүниеге келуі арасында көбейіп, өсетін жалғыз топ.

Отбасылық қатынас жеке тұлға мен қоғамның өзара байланысында қарастырылады. Бұл бағыттың негізін салушылар мен жақтаушыларына У. Джемс. Кули, У. Томос, Ф. Знанецкий, Ж. Пиаже, З. Фрейд және т.б. жатады.

Отбасы – қоғамның маңызды бір бөлшегі. Отбасы бала үшін өмір мектебі, онда мейірбандық, шындық, адалдық, қайырымдылық, еңбекүйгіштік т.б адамгершілік қасиеттері дамиды және қалыптасады. Сол себепті де жасөспірімдерді тәрбиелей отырып, оларды әр түрлі кездесетін қиыншылықтарға қарсы тұра білуге үйрете білу керек. Түйінделе келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Ал бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады.

Л.С. Выготскийдің, А.Н. Леонтьевтің, Д.Б. Элькониннің, Л.И. Божовичтің зерттеулерінде баланың тұлға ретінде дамуы тұлғалық жаңа қасиеттердің біртіндеп қалыптасуымен анықталады. 7-8 жасқа дейінгі кезең Л.И. Божович баланың «әлеуметтік индивид» ретінде

калыптасуымен байланыстырады. «Онда жаңа өмірлік позиция пайда болып, осы позицияны камтамасыз етуші қоғамдық-маңызды қызмет қажеттілігі туады». 12-14 жасқа таман «нысананы көздеу қабілеттілігі» қалыптасады, яғни саналы мақсаттарды анықтау және қоя білу, ал 15-16 жаста «өмірлік болашақ» қалыптасады. Сондықтан да жасөспірім шақта отбасылық қарым-қатынастың психологиялық ықпалы аса зор.

Ата-ана мен бала арасындағы өзара қатынасы сауалнамасын жүргізген болатынбыз. Онда отбасындағы өзара қатынасты анықтау мақсатында жасөспірімдерде тұлғааралық қатынас қалыптасуында көрінетін қақтығыс деңгейін анықтауды жөн көрдік. Жүргізілген әдістеме «Жеке тұлғаның қақтығысын анықтау» тесті. Бұл әдістеде баланың қақтығысын бағалауға арналған.

Құрылымы: үш нұскасы бар сөйлем беріледі. Сөйлемдердің жауаптары а, б, г нұсқаларымен беріледі. Өзінің ойындағысына жасөспірімдер «+» белгісін немесе (иә) деп белгілеуі керек.

Әдістеменің нәтиже көрсеткіші: Егер ұпайдың қосындысы отыздан қырық тертке дейін болса, онда ол бала ұрысты ұнатпайды. Сыни жағдайлардан қашады. Айналасындағыларға жақсы көрінгісі келеді. Бұл төмен қақтығыс болып саналады.

Егер ұпайдың қосындысы он бестен жиырма тоғызға дейін болса, сіз өз ойыңызды білдіре алатын адамсыз. Сол үшін де сізді айналындағылар сыйлайды. Бұл орташа қақтығыс деңгейіне жататын тип болып саналады.

Егер ұпайдың қосындысы оннан он төрт ұпайға дейін болса, сіз қақтығысқанды жақсы көресіз. Сол қақтығысу үшін себеп іздейсіз. Сынды, өз ойыңызды айтқанды қатты жақсы көретін адамдардың типіне жатасыз десек те болады.

Қорытындылай келе, бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты жақсартуға бағытталған арнайы іс-шаралар, психологиялық кеңестер мен ұсыныстар беріліп отырса, бала мен ата-ана қарым-қатынасына жақсы әсерін береді. Нәтижесінде ата-аналар мен балалар арасындағы жағымды қатынас жоғарылап, жағымсыз қатынастар төмендейді. Отбасы бала үшін өмір мектебі, онда мейірбандық, шындық, адалдық, қайырымдылық, еңбексүйгіштік т.б адамгершілік қасиеттері дамиды және қалыптасады. Сол себепті де жасөспірімдерді тәрбиелей отырып, оларды әр түрлі кездесетін қиыншылықтарға қарсы тұра білуге үйрете білу керек. Түйіндеме келе, отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашан да ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Ал бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Эйдемиллер Э.Г.Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи СПб.: Питер 2002.-656 с
2. Федотова А.Ю. Курс: психология семейных отношений.-М,2000.
3. Садакбаева В.Б. Отбасындағы қарым-қатынастың бала дамуына психологиялық әсері: Магистрлік диссертация.-Қызылорда, 2012